


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстан тарихы және әлеуметтану пәндері кафедрасы



Орындаған: Грб-14-6қ тобының студенті Тобалық Азамат
Қабылдаған: Сәрсен Лазиза

Алматы 2015



«Дао Дэ Цзин»

Мазмұны



Кіріспе

Шығу тегі

Ляо-Цзының өмірбаяны

Мазмұны

Аудармалары

Дао Дэ Цзин I кітап

Дао Дэ Цзин II кітап

Қорытынды

Дао (қыт. жол) - [қытай пәлсапасының](#) ең басты ұғымы. Дао бүкіл әлемнің, әрбір заттың даму заңдылығы, ғарыштық үйлесімділік пен қуаттың жарқын бейнесі. Бір өзі бар абсолютке тең, бүкіл тірліктің негізі, әрбір бастаманың басы. Дао- әрбір қайталанбас сәттің нәрі. Дао Сезім арқылы тануға көнбейді, ол барлық жерде және еш жерде емес, түрсіз және ныспысыз. Заттар әлемі Дао Арқылы жасалып, өмір заңына бағынады, яғни өткінші: барлық заттар ұлы айналымда болады, кейіннен шегіне жетіп, қайтадан өзінің қайнар көзі Дао ға қайтып, содан жаңадан туылады. Авторлығы Лао Цзыға телінетін Дао-Дэ-Цзин (Дао және Дэ туралы кітап) заманынан бері Дао туралы түсініктемелердің өзі бес мың томға жуық болды.



Наньюэ Дамяо храмындағы Ляо Цзы ескерткіші
Дао Дэ Цзин кітабындағы барлық мәлімді айыт жосарты

Дао дэ цзин ([кит. trad. 道德經](#), [упр. 道德經](#), [пиньинь: Dào Dé Jīng](#), [звучание \(инф.\)](#)), «Жол мен әділдік туралы кітап») — Қытай және әлем мәдениетіне үлкен әсерін тигізген ең негізгі оқу көзі және қытай ойының ең атақты ескерткіштерінің бірі. Бұл ілімнің басты категориясы — дао (Жол) ұғымы. "Дао дэ цзин" — екі бөлімнен тұратын лаоистік қағиданың негізгі кітабы. Кітап Лао-цзы мен оның шәкірттерінің ауызша таралған қағидаларының жиынтығы. Дао болмыстың бас себебі, соңғы мақсаты, ақыры, бар нәрсенің айналымы. Даоны таныған табиғаттың заңын ұғады, дүниенің жарастығын бұзбайды.

Бұл кітаптың мазмұны және авторы жөнінде әлі күнге дейін сөзталастар жалғасып жатыр.

Дао дэ цзинге қойылған классикалық комментарийлардың саны 700ге жеткен, соның ішіндегі 350-і сақталған.



2006 жылғы басылым

Шығу тегі

Бұл кітаптың дәстүрлі авторы Ляо-Цзы болып саналады (б.з.д VI – V). Тарихшы Сыма Цянь оның тарихын зерттей отырып, сол кездің өзінде ол бұл кітаптың авторы басқа адам, яғни Конфуций замандасы – Лао Лай-цзы немесе Чжоу мемлекетінің мемлекеттік қайраткері Дань, деп ойлады.

Кейбір ғалымдар (Лян Цичао, Гу Цзеган) «Дао Дэ Цзин» сөзі Ляо-Цзының өмір сүрген жылдардан кейін шыға бастаған деп санаған. Тіпті бұл кітап Чжан-гоның кезінде (б.з.д. IV – IIIғ) жасалған, Ляо-Цзыға еш қатысы жоқ деген де тұжырымдамалар да жасалды. Бірақ, шын мәнінде, Ляо-Цзы ауызша айтып отырған нақыл сөздерін ізбасарлары жазып отырған.



Ляо-Цзы 604 жылы туылған, Пифагордың замандасы болған деген болжам бар. Қарапайым отбасында және шабдалы ағашының астында өмірге келген дейді.

«Менде өзімде сақтайтын үш қазынам бар, біріншісі – адамсүйгіштік, екіншісі – ұқыптылық, ал үшіншісі – менің басқалардан алдыңғы қатарда бола алмайтындығымда»



Қытайдағы Цюаньчжоу қаласының солтүстік бөлігінде орналасқан Ляо-Цзының тас мүсіні.

Мазмұны





Чанчунь ғибадатханасындағы Дао Дэ Цзиннің ойылып жазылған мәтіннің бастамасы.




Дао- мәңгілік, негізсіздік, қуыс сынды онтологиялық қасиеттері бар мейлінше кең шынайылық. Бірақ қанша тіл жетпес, түсініктен тыс болса да, ол Дэ арқылы көрінеді. Дэ дегеніміз - ізгілік, әділдік, асыл қуат. Дэ Даоның этикалық көрінісі ретінде адамның қоғаммен, табиғатпен және өзімен қарым- қатынасын табиғи жолмен түзеуге бағытталған. Осы заңдылықтар бойынша, Дао мен Дэ «цзы жэнь» - табиғилық және «у- вэй» - әрекеттенбеу қағидаларын ұстанады. Демек, Дао Ғылыми ілімнен гөрі рәсімге ұқсайды. Бірақ қытайлықтар түсінігінше, Дао Рәсімге де, ырымға да жатпайды. Адамдар ақылгөйліктен бас тартып, әрбір заттың немесе құбылыстың табиғи болмысын таба білуге тиіс. Трактат Даоның барлық нәрсенің бастамасы ретінде көрсетеді. Даоға жету үшін сабырлық, төзімділік, жамандыққа қарсы тұру және т.б қабілеттері керек.

Кімде-кім шабуыл жасаса, жетістікке жетпейді.

Дао табиғилыққа жетелейді
Даоның аты жоқ және мәңгі



Ең атақты Дао Дэ Цзиннің аудармасы VII ғ санскритке аударған(көне үнділердің әдеби тілі). Ал XVIII ғ Англияда латын тіліне аударылғанын тапқан, содан бастап аудару істері батыста тоқтамады, және олардың саны шамамен 250-ге жетті. (LaFargue, Pas, “On Translating Tao-te-ching”, 1998). Осы жағдаймен аудармалардың саны бойынша Библиядан кейінгі екінші орында.



ЛАО-ЦЗЫ ДАО ДЭ ЦЗИН

Бірінші кітап

1

Сөзбен айтуға болатын Дао, тұрақты дао емес. Айтуға болатын есім, тұрақты есім емес. Атаусыздық — аспан мен жердің барлық заттардың анасы деген атқа ие бастауы. Сондықтан құмарлықтан ада адам ғана [даоның] ғажайып құпиясын көреді, ал кімде-кім құмарлыққа бой ұсынса, ол адам оның соңғы формасын ғана көреді. Олардың екеуі де бір нәрседен жаралған, бірақ атаулары өзгеше. Бірге олар тереңдік деп аталады. Бір тереңдіктен екіншіге [өту] — барлық ғажайыптың есігі.

2

Аспан астындағылардың барлығы тамашаның тамаша екенін білген кезде ұсқынсыздық пайда болады. Барлығы қайырымдылықтың қайырымдылық екенін түсінген кезде, зұлымдық пайда болады. Сондықтан болмыс пен бей болмыс бір-бірін тудырады, қиындық пен жеңілдік бірін-бірі жасайды, ұзын мен қысқа өзара қатынаста болады, биік пен қысқа өзара анықталады, дыбыстар, қосыла отырып, үйлесімділікке келеді, алдыңғы мен кейінгі бірінен соң бірі жүріп отырады. Сондықтан кемеңгер данышпан, іс жасай отырып, әрекетсіздікті қалайды; ілім жасай отырып, сөзге жүгінбейді; заттарды өзгеріске түсіре отырып, оған күш жұмсамайды; [бір нәрсені] жетістікпен аяқтай отырып мақтанбайды. Ол мақтанбағандықтан, оның сіңірген еңбегі жерде қалмайды.

3

Егер данышпандарды құрметтемесе, халық ішінде ұрыс-керіс болмайды. Егер аз кездесетін заттарды бағаламаса, халық ішінде ұрылар болмайды. Егер қызғаныш тудыратын нәрселерді көрсетпесе, халықтың жүрегі қобалжымайды. Сондықтан [елді] басқара отырып, кемеңгер данышпан [бағыныштылардың] жүректерін бос, ал асқазандарын тоқ ұстайды. [Оның басқаруы] олардың жігерін әлсіретеді және сүйектерін бекітеді. Ол ылғи халықта білім мен құмарлықтарды болдырмауға, ал білімділердің іс-әрекетке бармауына талпынады. Әрекетсіздікті іске асыру әрқашан жанға жайлылық әкеледі.

4

Дао бос, бірақ қолданыста сарқылмайды. О, тереңдік! Ол барлық заттардың бабасы сияқты. Егер оның көрегендігінен айырса, хаостығынан босатса, жарқырауын азайтса, бір түйір ғып жіберсе, онда ол анық өмір сүруші болып көрінеді. Мен оның кімнің туындысы екенін білмеймін, [мен тек] аспан әміршісінің алдында [екенін ғана білемін].

5

Аспан мен жерде адамсүйгіштік қасиет жоқ және олар барлық тіршілік иелеріне өз жолымен өмір сүруіне мүмкіндік береді. Кемеңгер данышпанда адамсүйгіштік қасиет жоқ және ол халыққа өз өміріне өздері иелік етуіне мүмкіндік береді. Аспан мен Жердің арасындағы кеңістік ұстаның көрігіне ұқсайтыны рас емес пе? [Онда] бос кеңістік қаншалықты көп болса, соншалықты [ол] әрекет жасайды, [оның] қозғалысы қаншалықты күшті болса, соншалықты [жел] де қатты соғады. Кім көп сөйлесе, сол жиі сәтсіздікке ұшырайды, сондықтан ең жақсысы — әр нәрсенің орнын білу.

6

Көзге көрінбес [даоның] өзгерісі шексіз. [Дао] — туылудың терең қақпасы. Туылудың терең қақпасы — аспан мен жердің тамыры. [Ол] таусылмас жіп тәрізді [мәңгі] өмір сүреді, оның әрекеті де таусылмайды.

7

Аспан мен жер — мәңгілік. Аспан мен жер өздері үшін өмір сүрмегендіктен мәңгілік. Міне, неліктен олардың мәңгілік бола алатындығы осыдан. Сондықтан кемеңгер данышпан өзін басқалардың соңына қояды, соның арқасында ол ең алдында тұрады. Ол өз өмірін елемейді, сол арқылы оның өмірі сақталады. Бұл оның жеке [қызығушылықтарын] елемеуінен болып отырған жоқ па? Керісінше, [ол] жеке өзінің [қызығушылықтарына] сай [әрекет жасайды].

8

Жоғарғы қайырымдылық су сияқты. Су барлық тіршілікке пайдасын тигізеді және [олармен] күреспейді. Ол адамдар оның болуын қаламаған жерден табылады. Сондықтан ол даоға ұқсайды. [Жоғарғы қайырымдылыққа ие адам су сияқты] жерге жақын орналасуы қажет; оның жүрегі ішкі сезімдеріне бағынуы керек; адамдармен ара қатынаста ол жылы шырайлы болуы керек; сөйлегенде адал болуы керек; [елді] басқаруда жүйелі болуы керек; іс-әрекетті өз мүмкіндігіне сай жасауы керек; әрекет жасағанда уақытын есепке алуы керек. [Ол] су сияқты, заттармен күреске түспегендіктен, қателік те жібермейді.

9

Ең жақсысы — бір нәрсені толтыруға талпынғаннан гөрі, ешнәрсе жасамау. Егер ылғи бір өткір нәрсені қолдана берсе, ол өзінің өткірлігін ұзақ уақыт сақтай алмайды. Егер зал алтын мен яшмаға толтырылған болса, оны сақтап қалуға ешкімнің шамасы келмейді. Егер байлар мен атақтылар дандайсұшылық танытса, олар өздеріне бақытсыздық шақырады. Ісі аяқталған кезде адам аулақ кетуі [керек]. Көктегі даоның заңы осындай

10

Егер жан мен тән бірлікте болса, оны сақтап қалуға бола ма? Егер рухты жұмсартса [жаңа туған нәресте] сияқты жайдарлы болуға бола ма? Егер сыртқы көз таза болса, онда қателесу мүмкін бе? Данышпандыққа жүгінбей, халықты сүйіп, елді басқаруға бола ма? Жұмсақтыққа сай жүрсе, табиғатта өзгерістер мүмкін бе? Егер табиғаттағы барлық өзара қатынастарды танып білсе, әрекетсіздікке жету мүмкін бе? [Мәнді] жасау және тәрбиелеу; жасай отырып [жасалған нәрсеге] ие болмау, қозғалысқа түсіре отырып, оған ешқандай күш салмаса; басқара отырып, өзін әміршімін деп санамаса — міне, осы терең дә деп аталады.

11

Отыз сым шабақ бір күпшекке жинақтала отырып, [доңғалақты құрайды], бірақ доңғалақтың айналуы [сым шабақтардың] арасындағы бос кеңістікке байланысты. Саз балшықтан сауыттар жасайды, бірақ сауыттардың қолданылуы олардың ортасындағы бос қуысқа байланысты. Үй салу үшін есіктер мен терезелер ояды, бірақ үйді пайдалану оның ішіндегі кеңістікке байланысты. Міне, сондықтан [кез келген нәрсенің] пайдалылығы ондағы бар кеңістікке байланысты.

12

Бес бояу көруді нашарлатады. Бес дыбыс естуді нашарлатады. Бес дом сезушілік дәмді нашарлатады. Жылдам жүріс пен аңшылық жүректі қобалжытады. Бағалы заттар адамды қылмыс жасауға итермелейді. Сондықтан кемеңгер данышпан өмірді толымды етуге тырысады, бірақ оны әдемі заттарға не болу үшін жасамайды. Ол соңғыдан бас тартады және алғашқымен шектеледі.

Даңқ пен масқаралық қорқыныш сияқты. Атақтылық өмірдегі үлкен бақытсыздыққа сай. Даңқ пен масқаралық қорқыныш сияқты деген нені білдіреді? Ол төменде тұрған адамдар даңққа қорқынышпен ие болады және одан қорқынышпен айрылады деген сөз. Міне, осы даңқ пен масқаралық қорқынышқа ұқсайды дегенді білдіреді. Атақтылық өмірдегі үлкен бақытсыздық сияқты деген нені білдіреді? Бұл мен өзімді өзім [қадір тұтқандықтан] үлкен бақытсыздыққа иемін дегенді білдіреді. Мен өзімді өзім қадір тұтпаған кезде бақытсыз болмаймын. Сондықтан ақсүйек адам, адамдарға жан аямай қызмет ете отырып, олардың арасында өмір сүре алады. Адамгершілігі жоғары адам, адамдарға жан аямай қызмет ете отырып, олардың арасында бола алады.

Оған қарап тұрып, көрмеймін, сондықтан оны көзге көрінбес деп атаймын. Оны тыңдай отырып, естімеймін, сондықтан оны дыбыссыз деп атаймын. Оны ұстамақ боламын да, жете алмаймын, сондықтан оны өте ұсақ деп атаймын. Оның қайнар көзі туралы білуге талпынудың қажеті жоқ, өйткені ол біртұтас. Оның жоғарғы жағы жарықтанбаған, төменгі жағы қараңғыланбаған. Ол шексіз және атауы жоқ. Ол қайтадан бей болмысқа оралады. Міне оны формасыз форма, мәнсіз бейне деп атайды. Сондықтан оны түсініксіз және тұманды деп атайды. Онымен кездесемін де, бетін көрмеймін, оның соңынан еремін де, оның арқасын көрмеймін. Өмір сүретін заттарға ие болу үшін ежелгі даоны ұстана отырып, ежелгі бастауды білуге болады. Бұл даоның принципі деп аталады.

Ертеде, кім білімге қабілетті болса, сол өте ұсақ және өте жіңішке [заттарды] білген. Бірақ басқаларға олардың тереңдігі белгісіз. Олар белгісіз болғандықтан, [мен] оларға ерікті түрде сипаттама беремін: олар қыстың күні ағынды судан өткендегідей жасқаншақ болған; өз көршілерінен қорқатын сияқты именшек болған; қонақтар сияқты маңызды болған; олар еріп жатқан мұздың үстінен өтіп бара жатқандай, абай болған; олар тазартылып дайындалмаған ағаш сияқты қарапайым болған; олар алқап сияқты кең байтақ болған; олар түк көрінбейтін лай су сияқты болған. Олар, тыныштық сақтай отырып, ласты тазаға айналдыра алатын. Олар, өздерінің шеберлігімен мәңгі қозғалысты баяулата отырып, өмірге жәрдемдесетін. Олар даоны ұстанған және көп нәрсені қажет етпеген. Көпті қажет етпей, олар бар нәрсені қанағат тұтқан және жаңадан ешнәрсе жасамаған.

Тыныштықты сақтай отырып, [өз жүрегінді] барынша батылдандыру қажет, сонда барлық заттар өз-өздігінен өзгеріп отырады, ал бізге тек олардың қайта айналып келуін бақылау ғана қалады. [Әлем] көп түрлі заттарға толы, бірақ [олардың барлығы] өз бастауына қайта оралады. Бастауға қайта оралу тыныштық деп аталады, ал тыныштық мәнге оралу деп аталады. Мәнге қайта оралу тұрақтылық деп аталады. Тұрақтылықты білу [айқындылыққа жету] деп аталады, ал тұрақтылықты білмеген ретсіздікке, [ақырында] зұлымдыққа әкеледі. Білгір адам ылғи кемелдікке жетеді; кімде-кім кемелдікке жетсе, сол әділ болады; кімде-кім әділдікке ие болса, сол патша болады. Патша болған адам аспанға табынады. Аспанға табынған, даоны ұстанады. Кімде-кім даоны ұстанса, ол — мәңгі және өмірінің соңғы күніне дейін [ондай патша] қауіп-қатерге ұшырамайды.

17

Халыққа өзінің бар екенін ғана білдіретін басқарушы ең жақсы басқарушы болып табылады. Халықтан өзін жақсы көруді, жоғары көтеруді талап ететін басқарушылар одан біршама нашарлау. Халық қорқатын басқарушылар одан да нашар, ал халық жек көретін басқарушылар — бәрінен де жаман. Өйткені сенімге тұрмайтындар [адамдардың] сеніміне ие бола алмайды. Сөзі парасатты және ұстамды адам ісін табыспен жасайды және халық оны табиғилықты ұстанады деп атайды.

18

Ұлы даоны жойған кезде, "адамсүйгіштік" пен "әділеттілік" пайда болады. Алты туысқан ұрыс-керіспен өмір сүрсе, онда "ұлдың қошаметі" және "әкенің махаббаты" пайда болады. Мемлекетті бейберекеттік жаулап алса, ондай мемлекетте "берілген қызметкерлер" шығады.

19

Данышпандық пен білімділік жойылған кезде халық жүз есе бақыттырақ болады; адамсүйгіштік пен әділеттілік жойылған кезде халық ұлдың қошаметі мен әкенің махаббатына оралады; қулық пен пайдакүнемдік жойылған кезде ұрылар мен қарақшылар жоғалады. Осы үш нәрсенің бәрі білімнің жеткіліксіздігінен [пайда болады]. Сондықтан олар адамдарды қарапайымдылыққа және сыпайылыққа, жеке басының тілектерін азайтуға, құмарлықтан арылуға үйретуі керек.

Білімділік жойылған кезде қайғы да болмайды. Уәде беру мен жарамсақтықтың арасы түкке тұрмас, ал қайырымдылық пен зұлымдықтың арасы қаншалықты зор! Адамдар неден қорықса, содан аулақ жүруі керек. О! [Әлем] қандай ретсіз, әлі күнге дейін тәртіп орнатылмаған. Барлық адамдар салтанатты тойда отырғандай немесе көктемнің келуін тойлап жатқандай қуанышты. Тек мен ғана жайбарақатпын және өзімді жарық әлемге көрсетіп отырған жоқпын. Мен бұл әлемге келмеген нәресте тәріздімін. О! Мен ұшып келемін! Меніңше, тоқтауға болатын жер жоқ сияқты. Барлық адамдардың арман тілегі бар, тек мен ғана барлығынан бас тартқан адам сияқтымын. Мен — ақымақ адамның жүрегімін. О, ол қандай бос! Барлық адамдар жарыққа толы. Тек мен ғана қараңғыға батырылған адам тәріздімін. Барлық адамдар ынтызар, тек мен ғана немқұрайлымын. Мен әлем кеңістігінде шапқылап, қайда тоқтарын білмей жүрген адам тәріздімін. Барлық адамдар өз қабілеттіліктерін көрсетеді, тек мен ғана ақымаққа және төмен адамға ұқсаймын. Тек мен ғана басқалардан ас-ауқаттың негізін көретіндігімнен ерекшеленемін.

Ұлы дәннің мағынасы тек даоға бағынады. Дао тәнсіз. Дао бұлыңғыр және екі ұшты. Бірақ оның бұлыңғырлығы мен екі ұштылығында бейнелер бар. Ол бұлыңғыр және белгісіз. Бірақ оның бұлыңғырлығы мен белгісіздігінде заттар жасырылған. Ол терең және қараңғы. Бірақ оның тереңдігінде, қараңғылығында өте ұсақ нәрселер жасырылған. Бұл кішкентай заттар жоғарғы шындық пен анықтыққа ие. Ежелден қазіргі дәуірге дейін оның аты өшпейді. Тек соның жолын ұстана отырып, барлық заттардың бастауын тануға болады. Біз қалай барлық заттардың бастауын тани аламыз? Тек соның арқасында.

Ертеде: "Кемістік жетіледі, қисық түзеледі, бостық толысады; көне жаңамен ауысады; аздықты қанағат тұтсаң, молшылыққа кенелесің; көп нәрсеге ие болуға талпыныс қателікке әкеледі" — дейтін. Сондықтан кемеңгер данышпан Көк Аспан аясында ұстанатын осы ұлағатты сөзге құлақ салады. Кемеңгер данышпан тек өзі көретіндерге ғана сүйенбейді, сондықтан анық көре алады; ол тек өзінікін ғана дұрыс деп есептемейді, сондықтан ақиқатқа жетеді; ол өзін дәріптемейді, сондықтан өзіне лайық даңққа не; ол өзінің беделін көтермейді, сондықтан басқалардың арасында беделді. Ол ешнәрсеге қарсыласпайды, сондықтан ол Көк Аспан аясында жеңімпаз. Ежелдегілердің "Кемістік жетіледі, қисық түзеледі, бостық толысады" деген сөздері бос сөз бе? Олар шыныменен адамға [шынайы] жетілгендікке жол көрсетеді.

Аз сөйлеп, табиғилықты ұстану керек. Жылдам соғатын жел күні бойына созылмайды, қатты жаңбыр күні бойы жаумайды. Бұның бәрін жасайтын кім? Аспан мен Жер. Тіпті Аспан мен Жер де, адамды айтпағанда, бір нәрсені мәңгілік етіп жасай алмайды. Сондықтан ол даоға қызмет етеді. Кім даоға қызмет етсе, сол оған сәйкес. Кім дәға қызмет етсе, сол дәға сәйкес. Кім жоғалтса, жоғалғанға сай, кім даоға сәйкес болса, сол даоға ие болады. Кім дәға сәйкес болса, сол дәға ие болады. Кім жоғалғанға сәйкес болса, жоғалғанды табады. Тек күдік сенімсіздік тудырады.

Кім аяғының ұшына көтерілсе, сол ұзақ тұра алмайды. Кім үлкен адымдар жасаса, сол алысқа бара алмайды. Өзін жарыққа ұстаған жарқырамайды. Өзін мақтаған даңққа жете алмайды. Шабуылдаған жеңіске жетпейді. Өзін-өзін дәріптеген басқалардың арасында беделді бола алмайды. Егер даоға сүйенсек, бұл артық ықылас және пайдасыз жүріс-тұрыс деп аталады. Ондайларды барлық тіршілік иелері жек көреді. Сондықтан даоға ие болған адам ондай қылықтар жасамайды.

Міне, хаоста туған, аспан мен жерден бұрын жаралған зат! О, дыбыссыз! О, кескінсіздік! Ол өзі жалғыз тұрады және өзгермейді! Барлық жерге әсерін тигізеді және кедергіге кездеспейді. Оны Көк аспан аясындағы әлемнің анасы деп атауға болады. Мен оның атын білмеймін. Иероглифпен белгілеп, оны дао деп атаймын; өздігімнен ат бере отырып, оны ұлы деп атаймын. Ұлылық — ол шексіз қозғалыста. Шексіз қозғалыстағы шекке жетпейді. Шекке жетпей, ол өз бастамасына қайта оралады. Міне, сондықтан дао — ұлы, аспан — ұлы, жер — ұлы, мемлекет басшысы да — ұлы. Әлемде төрт ұлылық бар, мемлекет басшысы да олардың ішіне кіреді. Адам жердің заңдылықтарын ұстанады. Жер аспанның заңдылықтарын ұстанады. Аспан даоның заңдылықтарын ұстанады, ал дао өз-өзін ғана ұстанады

Ауырлық жеңілдіктің негізі болады. Тыныштық қозғалыстың негізі болады. Сондықтан кемеңгер данышпан күні бойы адымдап, ауыр жүгі бар арбадан алыстамайды. Ол тамаша өмір сүрсе де, ол өмірге терең бойламайды. Неліктен он мың арбаның иесі әлемге менсінбей қарайды? Елемеушілік оның негізін қиратады, ал асығыстық биліктен айырады.

Адымдай алатын ізін қалдырмайды. Сөйлей алатын қателік жібермейді. Кімде-кім санай алса, сол санауыш құралды пайдаланбайды. Кімде-кім есікті жаба алса, сол есікке құлып алмайды және оны аша алмастай етіп қатты жабады. Кімде-кім түйіншектеп байлай алса, сол жіпті пайдаланбай, бірақ мықтап шеше алмастай етіп байлай алады, сондықтан кемел дана адамдарды әрқашан шеберлікпен құтқара алады және оларды тастап кетпейді. Бұл терең даналық деп аталады. Сөйтіп, қайырымды — қайырымсыздардың ұстазы, ал қайырымсыздар оның тірегі болып табылады. Егер қайырымсыздар өз ұстазын бағаламаса, ал қайырымды өз тірегін жақсы көрмесе, онда олар, өздерін зерделіміз деп есептесе де соқырлыққа душар болғаны. Міне, осы маңыздырақ және тереңірек.

Кімде-кім өзінің ержүректілігін біле отырып қарапайымдылықты сақтай алса, сол тау бұлағына сай, ол елде басты адам болады. Кім елде басты адам болса, сол ешқашан дәні жоғалтпайды және сәбилікке оралады. Кім думандылықты біле отырып, өзіне тән әдептілікті сақтай алса, сол басқаларға үлгі бола алады. Кім басқаларға үлгі болса, сол тұрақты дәнің қасынан алшақтамайды және бастапқы қалыпқа оралады. Кім өзінің даңқтылығын біле отырып өзі үшін белгісіздікті сақтаса, сол елде басты адам болады. Кім елде басты адам болса, сол тұрақты дәнің кемелдігіне жетеді және табиғилыққа оралады. Табиғилық ыдыраған кезде, ол кемелденген данышпан қолданатын құралға айналады және ұлы тәртіп бұзылмайды.

Егер кімде-кім елді күшпен бағындырмақ болса, онда, меніңше, ол өз мақсатына жете алмайды. Ел қол тигізуге болмайтын ғажайып құмыра тәрізді. Егер кімде-кім оған қолын тигізсе, сол сәтсіздікке ұшырайды. Егер кімде-кім оны қолға түсірсе, сол оны бәрібір жоғалтады. Сондықтан кейбір тіршілік иелері алға басады, басқалары оның соңынан ереді; біреулер гүлдейді, біреулер қурайды; біреулер бекінеді, біреулер әлсірейді; біреулер пайда болады, біреулер қирайды.

Сондықтан кемеңгер данышпан қанағатсыздықтан арылады, байлық пен шашпалықтың көзін жояды.

Кім елге дао арқылы қызмет етсе, ол басқа елдерді әскердің күшімен жеңбейді, өйткені бұл өз басына тууы мүмкін. Әскер жүріп өткен жерде шомырт пен тікенек қана өседі. Үлкен соғыстардан кейін аштық жылдары басталады. Шебер қолбасшы жеңіске жетеді де, сонымен тоқтайды және ол зорлық-зомбылық жасауға батылы бармайды. Ол жеңіске жетеді және өзін мадақтамайды. Ол жеңіске жетеді, өйткені оны оған мәжбүрлейді. Ол жеңеді, бірақ ол соғысқұмар емес. Күш-қуатқа толы тіршілік иесі қартайған кезді даоның жоқтығы деп атайды.

Даоны ұстанбаған адам өз уақытына жетпей өледі.

Жақсы әскер — бақытсыздық тудыратын құрал, оны барлық тірі жан жек көреді. Сондықтан даоны ұстанатын адам оны қолданбайды. Текті қолбасшы бейбітшілік кезінде көрші елдермен қатынасында жақсы болуға тырысады және тек соғыста ғана күш қолданады. Әскер — бақытсыздық құралы, сондықтан текті қолбасшы оны қолдануға тырыспайды, ол тек оны мәжбүрлеген кезде ғана қолданады. Ең бастысы, тыныштық сақтау керек, ал жеңіске жеткен жағдайда өзінді мадақтамау керек. Өзінді жеңіспен мадақтама, бұл — адамдардың өліміне қуану. Кім адамдардың өліміне қуанса, сол елде жанашырлыққа ие бола алмайды. Аман-есен болу сыйлаушылықтан туады, ал бақытсыздық зорлық-зомбылықтан пайда болады. Сол жаққа флангтардың әскер басылары сапқа тұрады, оң жақта қолбасшы тұр. Оларды жерлеу рәсімімен қарсы алу керек дейді. Егер көп адамды өлтірсе, онда қатты жылау керек. Жеңісті жерлеу рәсімімен атап өту керек.

Дао мәңгілік және атаусыз. Ол өте кішкене болғанмен, әлемде оны ешкім өзіне бағындыра алмайды. Егер ақсүйектер мен ел басылары оны ұстанса, онда барлық тіршілік иелері өздігінен ұстамды болады. Онда аспан мен жер үйлесімділікте бірігеді, бақыт пен жетістік келеді, ал халық бұйрықсыз тынышталады. Тәртіп орнаған кезде атаулар пайда болады. Атаулар пайда болғандықтан, оларды қолданудың шегін білу керек. Шекті білу қауіптен арылуға мүмкіндік береді.

Дао әлемде бар кезде тау бұлақтарының өзендер мен теңіздерге құйғаны сияқты тіршілік иелерінің барлығы оның құшағына енеді. Адамдарды білетін адам — зерделі. Өзін білетін адам — білімді. Басқаларды жеңген мықты. Өзін жеңген құдіретті. Молшылықты білген бай. Кім қажырлықпен әрекеттенсе, сол жігерлі. Кім өз табиғатын жоғалтпаса, ұзақ өмір сүреді. Кімде-кім өлсе де ұмытылмаса, сол — мәңгі.

Ұлы дао шартарапқа тарайды. Ол оң жақта да, сол жақта да бола алады. Оның арқасында барлық мән пайда болады және өзінің өсуін тоқтатпайды. Ол ерліктер жасайды, бірақ даңқты тілемейді. Барлық тіршілік иесін махаббатпен тәрбиелей отырып, ол өзін билеушімін деп есептемейді. Оның ешқашан өзінің жеке ықылас, тілегі болмайды, сондықтан оны түкке тұрмас деуге болады. Бірақ мән соған қайта оралады, сөйтсе де өзін олардың билеп-төстеушісімін деп санамайды. Оны ұлы деп атауға болады. Ол ұлы болады, өйткені ешқашан өзін сондаймын деп есептемейді.

Даоның ұлы бейнесі болып саналатын адамға бүкіл халық келеді. Адамдар келеді, ал ол адамдарға зияндық жасамайды. Ол адамдарға бейбітшілік, тыныштық, музыка және азық әкеледі. Тіпті жиһангер де оның үйіне тоқтайды. Дао ауыздан шыққан кезде ол дәмсіз, татымсыз. Ол көрінбес, оны ести де алмайсың. Қимылы таусылмайды.

Бір нәрсені қысу үшін алдымен оны созу керек. Бір нәрсені бәсеңдету үшін алдымен оны қатайту керек. Бір нәрсені құлдырату үшін алдымен оны гүлдендіру керек. Бір нәрсені біреуден тартып алу үшін алдымен оған соны беру керек. Бұл терең ақиқат деп аталады. Жұмсақ пен әлсіз қатты мен күштіні тудырады. Балықтың тереңдікті тастап кете алмайтыны сияқты мемлекет те адамдарға өзінің жетілген басқару тәсілдерін көрсетпеуі керек.

Дао әрқашан әрекетсіздікті ұстанады, бірақ ол жасамайтын ешнәрсе жоқ. Егер ақсүйектер мен мемлекет басшылары оны ұстанса, онда барлық тіршілік иелері өздігінен өзгереді. Егер өзгергендер іс-әрекетке барғысы келсе, онда оларды атауы жоқ қарапайым болмыстың көмегімен басамын. Атауы жоқ — қарапайым болмыс — өзі үшін ешнәрсе тілемейді. Тілек-талаптың жоқтығы тыныштық әкеледі, сонда елде тәртіп өз-өздігінен орнайды.

Екінші кітап

Жоғарғы дэға ие адамдар қайырымды істер істеуге талпынбайды, сондықтан ол қайырымды; төменгі дэға ие адам қайырымды істер жасауға деген ниетін ешқашан естен шығармайды, сондықтан ол қайырымсыз; жоғарғы дэға ие адам әрекет жасамайды, төменгі дэға ие адам әрекетшіл, сондықтан оның іс-әрекеті қасақана жасалады, барлық жерде рәміз сақтайтын адам өзара түсіністікке үміттеніп отырып, әрекет етеді. Егер ол өзара түсіністік кездестірмесе, жазалаушылыққа көшеді. Міне, дэнің дао жоғалған соң, адамға деген сүйіспеншілік дэ жоғалған соң, әділеттілік адамға деген сүйіспеншілік жоғалған соң, рәміз әділеттілік жоғалған соң пайда болатыны сондықтан. Рәміз сенім мен берілгендіктің жоқтығының белгісі. Толқу, әбігерліктің бастауы салт-жораларда. Сыртқы пішін — бұл даоның гүлі, білімсіздіктің бастауы. Сондықтан ұлы адам маңыздысын алады және түкке тұрмайтын нәрсені қалдырады. Ол дэнін алып, гүлін тастайды. Ол біріншіні қалайды, ал екіншісінен бас тартады.

Міне, ежелден бері бірлікте болғандар. Бірліктің арқасында аспан тазарады, жер мызғымас, рух сергек болып, аңғар, алқап гүлденеді, барлық тіршілік иелері пайда бола бастайды. Бірліктің арқасында ақсүйектер мен мемлекет басшылары әлемде үлгіге айналады. Міне, бірлік осыны тудырды. Егер аспан таза болмаса құлдырайды, егер жер тұрақсыз болса қақ жарылады; егер рух сергек болмаса жоғалады, егер арналар гүлдемесе шөлге айналады; егер заттар туып отырмаса, олар жоғалып кетеді; егер ақсүйектер мен мемлекет басшылары игіліктің үлгісі болмаса орнынан құлатылады. Қарадан шыққандар ақсүйектердің, ал төмен жоғарының негізі болып табылады. Сондықтан ақсүйектер мен ел басылары өздерін "жалғызбыз", "жетімбіз", "бақытсызбыз" деп атайды. Бұл олардың қарадан шыққан қарапайым адамдарды өздерінің негізі ретінде санамағандығынан болады. бұл — жалған жол. Егер екі аяқты арбаны бөлшектеп тастаса, одан еш нәрсе қалмайды. Өзіңді "яшмадай бағалы" деп санауға болмайды, одан да тас сияқты қарапайым болу керек.

Қарама-қарсыға ауысу — бұл даоның әрекеті, әлсіздік Соның қасиеті. Әлемде барлық заттар болмыстан туады, ал болмыс бей болмыстан туады.

Жоғарғы білімді адам дао туралы білген кезде оны іске асыруға ұмтылады. Жартылай білімді адам дао туралы біле тұра бірде оны ұстанады, бірде бұзады. Білімі төмен адам дао туралы естіген кезде оны күлкіге айналдырады. Егер ол күлкі болмаса дао болмас па еді?

Соған сай мынадай сөз бар: даоны білген адам қараңғыға ұқсас; даоға енген адам кері шегінген адамға ұқсас; даоның биігіне жеткен адам жаңылған адамға ұқсас; жоғарғы қайырымдылық иесі қарапайым адамға ұқсас; ұлы оқымысты жеккөрінішті адамға ұқсас; шексіз қайырымдылық кемшілік сияқты; қайырымдылықтың таралуы оның талан-таражға түсуіне ұқсас; нағыз шындық оның жоқтығына ұқсас. Үлкен квадраттың бұрыштары жоқ; үлкен құмыра ұзақ дайындалады; қатты дыбысты есту мүмкін емес; үлкен бейне формасыз. Дао бізден жасырын және атауы жоқ. Бірақ тек сол ғана барлық тіршілік иесіне көмектесуге және олардың жетілуіне мүмкіндік жасайды.

Дао біреуді туады, біреу екеуді туады, екеу үшеуді туады, ал үшеу барлық тіршілік иесін туады. Барлық тіршілік иелерінің бойында инь мен ян бар, бойлары циге толы олар үйлесімділік жасайды. Адамдар "жалғыз", "жетім", "бақытсыз" деген атауларды ұнатпайды. Сонымен қоймай, гундар мен вандар өздерін осы атаулармен атайды. Сондықтан заттар оларды кемсіткен кезде көтеріледі, көтермелегенде төмендейді.

Адамдар неге оқытса, мен де соған оқытамын: күштілер мен қатыгездер өз өлімімен өлмейді. Білім берген кезде мен осыны басшылыққа аламын. Көк Аслан аясындағы жерде ең әлсіздер ең күштілерді жеңеді. Бей болмыстың тарамайтын жері жоқ. Міне, сондықтан мен әрекетсіздіктің пайдасын білемін. Көк аспан аясындағы жерде сөзге жүгінбейтін, әрекетсіздіктің пайдасын көрмейтін іліммен салыстыруға болатын ештеңе жоқ.

44

Не жақын — даңқ па, әлде өмір ме? Не қымбат — өмір ме, әлде байлық па? Нені бастан кешіру ауыр — ие болуды ма, әлде жоғалтуды ма? Кім көп қор жинаса, сол жоғалтады. Кім қалтасын көп толтырса, сол үлкен шығынға батады. Кім қанағаттылықты білсе, сол табысқа жетеді. Кім шектеуді білсе, сол қауіпке бой ұрмайды. Сол ұзақ өмір сүре алады.

45

Ұлы жетілгендік жеткіліксіздік тәрізді, бірақ оның іс-әрекетінің бұзылуы мүмкін емес; ұлы толысу қуыстық тәрізді, бірақ оның әрекеті таусылмас. Ұлы түзулік қисықтық тәріздес; ұлы тапқырлық ақымақтық тәріздес; ұлы шешен тұтықпа тәріздес. Қозғалыс суықты жеңеді, қозғалыссыздық аптап ыстықты жеңеді. Сабырлық әлемдегі тәртіпті жасайды.

46

Елде дао болса, жылқылар жерді жөндейді; елде дао болмаса әскерлердің аттары шет жақта жайылады. Өз құмарлығыңның шекарасын білмеуден үлкен бақытсыздық жоқ, байлық жинауға талпынудан асқан қауіп жоқ. Сондықтан қанағаттана білетін адам әрқашан өз өміріне разы.

47

Ауладан шықпай-ақ әлемді тануға болады. Терезеден үнілмей-ақ табиғи даоны көруге болады. Неғұрлым алысқа кетсең, соғұрлым аз танып-білесің. Сондықтан кемеңгер данышпан әлемді шарламайды, бірақ барлығын танып біледі. Заттарды көрмей-ақ, олардың мәніне жетеді. Әрекет жасамай-ақ, ол табысқа жетеді.

48

Кімде-кім оқыса, сол күн сайын өз білімін арттырады. Кім даоға қызмет етсе, сол күн өткен сайын өз арман тілектерін шектейді. Үздіксіз азайта берген сайын адам әрекетсіздікке қол жеткізеді. Әрекетсіздік жасай алмайтын ешнәрсе жоқ. Сондықтан Көк аспан аясын бағындыру әрқашан әрекетсіздіктің көмегімен іске асырылады. Кім әрекет жасаса, оның қолынан Көк Аспан астын бағындыру келмейді.

49

Кемеңгер данышпанның жүрегі тұрақты емес. Оның жүрегі халықтың жүректерінен тұрады. Мен қайырымдыларға жақсылық жасаймын және қайырымсыздарға да жақсылық жасаймын. Осылай қайырымдылыққа тәрбиеленеді. Мен адал адамдарға берікпін және адал емес адамдарға да берікпін. Осылай адалдыққа тәрбиеленеді. Кемеңгер данышпан әлемде байсалды түрде өмір сүреді және өз жүрегіне халықтың пікірін жинайды. Ол халыққа өз балаларына қарағандай қарайды.

Тіршілік иелері туады және өледі. Он адамның үшеуі өмірге қарай, үшеуі өлімге қарай жүреді. Әр оннан өз әрекеттерінен өлетін тағы үш адам бар. Неліктен олай? Бұл олардың өмірге деген асқан құлшынысынан болады. Мен, кім өмірге жерде жүре отырып, жете алса, күреске түсе отырып, мүйіз тұмсық пен жолбарыстан қорықпаса, сол қарулы әскерден қорықпайды деп естігенмін. Мүйіз тұмсық оның еш жеріне өз тұмсығын сұға алмайды, жолбарыс ешқайда өз тырнақтарын сала алмайды, ал әскерлер еш жеріне семсерлерін тыға алмайды. Себеп неде? Бұл ол үшін өлімнің жоқтығынан болып отыр.

Дао [заттарды] туады, дә [оларды] асырайды. Заттар формаға ие болады, формалар аяқталады. Сондықтан даоны құрметтемейтін, дәні бағаламайтын зат жоқ. Дао құрметке ие, дә бағаларға ие, сондықтан олар бұйрық бермейді, табиғилыққа ереді. Дао [заттарды] туады, дә [оларды] асырайды, өсіреді, тәрбиелейді, жетілдіреді, олардың ақылын толтырады, оларды күтіп-баптайды, қолдайды. Жасай отырып өзіне меншіктенбеу, жарата отырып, мақтанбау, үлкен бола отырып бұйырмау — міне осы терең дә деп аталады.

Аспан астында бастау бар. Ол — Аспан астының анасы. Анасы әбден танылған кезде, оның балаларын да білуге болады. Оның балалары белгілі болған кезде тағы да олардың анасын еске алу керек. Сонда [адамның] өмірінің соңына дейін қауіп болмайды. Егер [адам] өз талап-тілектерін тастап, құмарлықтарынан арылса, онда ол өмірінің соңына дейін шаршамай, білмей өтеді. Егер ол өз құмарлықтарынан арылмаса және өз істеріне батып кетсе, онда [бәледен] құтылуы мүмкін емес. Өте ұсақ нәрсені көру — қырағылық деп аталады. Әлсіздікті сақтай білу — құдіреттілік деп аталады. [Даоның] нұрына еру, оның терең мағынасын танып-білу, [адамдарға] бақытсыздық шақырмау — міне бұл тұрақтылықты сақтау болып табылады.

Егер мен білімді болсам, онда үлкен жолмен жүрер едім. Мен қорқатын жалғыз нәрсе — бұл тар соқпақтар. Үлкен жол өте түзу, бірақ халық соқпақтарды [ұнатады], қалайды. Егер сарай сән-салтанатты болса, онда егіс далаларын арам шоп жайлайды және астық қоймалары мүлдем бос болады. Ақсүйектер сәнді матаға оранады; өткір қылыш тағады, [қарапайым] тамаққа қанағаттанбайды және артық байлық жинайды. Осының барлығы қарақшылық [ұрлық] және мақтаншақтық деп аталады. Ол даоны бұзу болып табылады.

Кім нық тұра алса, оны төңкеру мүмкін емес. Кім сүйеніп тұра алса, оны құлату мүмкін емес. Ұлдары мен немерелері оны мәңгі есте сақтайды. Кім өз ішінде [даоны] жетілдірсе, оның қайырымдылығы шынайы болады. Кім [даоны] жанұясында жетілдірсе, оның қайырымдылығы көл-көсір болады. Кім [даоны] ауылда жетілдірсе, оның қайырымдылығы кең байтақ болады. Кім [даоны] патшалықта жетілдірсе, оның қайырымдылығы бай болады. Кім [даоны] аспан астында жетілдірсе, оның қайырымдылығы жалпылық болады. Өзіңді тану арқылы басқаны танып-білуге болады; бір отбасы арқылы қалғандарын танып-білуге болады; бір ауыл арқылы басқаларын тануға болады; бір патшалыққа қарап, басқаларын танып-білуге болады; бір ел бойынша бүкіл Көк Аспан аясын танып-білуге болады. Көк Аспан аясының осындай екенін мен қалай білем? Солай істеу арқылы.

Кімнің бойында жетілген дә болса, сол жаңа туған нәрестеге ұқсас. Улы жәндіктер мен жыландар оны шақпайды. Қаһарлы аңдар оны ұстап алмайды, жыртқыш құстар оны шоқымайды. Оның сүйектері жұмсақ, бұлшық еттері әлсіз, бірақ ол даоны] мықты ұстайды. Екі жыныстың одағын білмесе де, ол күш-қуат беру қабілеттілігіне ие. Ол өте қырағы. Ол күні бойы айғайласа да, оның дауысы өзгермейді. Ол өте үйлесімді. Үйлесімділікті білу тұрақтылық деп аталады. Тұрақтылықты білу данышпандылық деп аталады. Өмірді байыту бақыт деп аталады. Сезімдерді бағындыруға тырысу табандылық, жігерлік деп аталады. Күш-қуатқа толы тіршілік иесі қартайса — бұл даоның бұзылуы деп аталады. Кім даоны бұзса, ол уақытынан ерте қаза болады.

Білетін адам, сөйлемейді. Кім сөйлесе, ол білмейді. Кім өз арман, тілектерін қалдырса, құмарлықтарынан бас тартса, сол өзінің қырағылығын жоғалтады, өзін хаостықтан босатады, өз жарқылын шектейді, өзін тозаңға теңейді, тереңдіктің тереңдігі болып табылады. Онымен туыстасу үшін оны жақындату мүмкін емес; оны елемеу үшін жақындатуға болмайды; оны пайдалану үшін жақындатуға болмайды; оны жоғары көтеру үшін жақындатуға болмайды; оны кемсіту үшін жақындатуға болмайды. Міне, сондықтан ол Көк Аспан аясында сыйлы.

Ел әділеттілік арқылы басқарылады, соғыс қулықпен жүргізіледі. Көк Аспан аясын әрекетсіздіктің көмегімен қол астына алады. Осының берін мен қайдан білемін? Міне мынадай: елде тыйым салушы заңдар көп болған кезде халық кедейленеді. Халықта өткір қару көп болған кезде, елде толқу көбейеді. Озат шеберлер көп болса, сирек кездесетін заттар көбейеді. Заңдар мен бұйрықтар өскен сайын ұрылар мен қарақшылардың саны көбейеді. Сондықтан кемел дана: "Егер мен әрекет жасамасам, халық өзі өзгеріс үстінде болады; егер мен тыныш болсам, халық өзі жөнделеді. Егер мен енжар болсам, халық өздігінен бай болады; егер менде құмарлық болмаса, халық жайдары болады",— дейді.

Үкімет тыныш болса, халық ақ пейілді болады. Үкімет әрекетшіл болса, халық бақытсыз болады. О, бақытсыздық! Ол бақыттың тірегі болып табылады. О, бақыт! Онда бақытсыздық бар. Кім олардың шекараларын біледі? Оларда тұрақтылық жоқ. Әділеттілік қайтадан қулыққа, қайырымдылық — зұлымдыққа айналады. Адам бұрыннан қателесіп келеді. Сондықтан кемеңгер данышпан — әділетті және басқадан ешнәрсе тартып алмайды. Ол — риясыз және басқаға зиянын тигізбейді. Ол — шыншыл және ешқандай жамандық жасамайды. Ол — жарық, бірақ жарқырауды қаламайды.

Адамдарды басқара отырып және аспанға қызмет ете отырып, бәрінен де дұрысы сабырлылық сақтай білу керек. Сабырлылық ең басты қам болу керек. Ол дәні жетілдіру деп аталады. Дәні жетілдіру — барлығын жеңуші. Барлығын жеңуші таусылмас күшке ие. Таусылмас күш елді бағындыруға мүмкіндік береді. Ел басқаруға мүмкіндік беретін бастау — мәңгілік және терең, мықты, мәңгі өмір сүретін дао деп аталады.

Үлкен патшалықты басқару ұсақ балықтардан тамақ дайындауды еске түсіреді. Егер Көк Аспан аясын даоның көмегімен ұстана отырып басқарса, онда [өлгендердің] мейірімсіз рухтары әрекет жасамайды. Мейірімсіз рухтар әрекет етпейтіні былай тұрсын, олар тіпті адамдарға кесірін тигізе алмайды. Олар ғана емес, кесірін кемеңгер данышпандар да тигізе алмайды. Екеуі де адамдарға кесірін тигізе алмағандықтан, олардың дәсі бір-бірімен бірігеді.

Ұлы патшалық — бұл өзеннің сағасы, Көк Аспан аясының түйіні, Көк Аспан аясының ұрғашысы. Ұрғашы еркекті әрқашан өзінің сабырлығымен жеңеді, бірақ [ол] өзінің сабырлығы жағынан [еркектен] төмен тұрады. Сондықтан ұлы патшалық кішкене өзіне өзін одан төмен қою арқылы қаратады, ал кішкене патшалық ұлы патшалықтың көңілін одан төмен тұрғандығымен аулайды. Сондықтан өзіне, не өзін төмен қою арқылы, не өздігінен төмен болғандығымен қаратады. Мейлі, Ұлы патшалық барлығы бірдей тоқ болуынан басқа ешнәрсе қаламасын, ал ұсақ патшалық адамдарға қызмет етуден басқаны қаламасын. Онда екеуі де, өздері қалағандарын алады. Ұлыға астында болған дұрыс.

Дао — барлық заттардың терең [негізі]. Ол — қайырымдылардың қазынасы және қайырымсыз адамдардың қорғанысы. Әдемі сөздерді баршаның алдында айтуға болады, қайырымды әрекеттерді адамдарға жасауға болады. Бірақ неліктен қайырымсыз адамдарды тастап кету қажет? Бұндай жағдайда неліктен мемлекет билеушіні ұсынады және оған үш кеңесшіні тағайындайды? Мемлекет билеушісі мен оның кеңесшілері қымбат бағалы тастарды иемденсе де, арбамен жүрсе де, бәрібір олар даоны ұстанса, дұрыс болады. Неліктен ертеде даоны бағалаған? Ол уақытта адамдар байлықты иемденуге талпынбаған және қылмыстар кешірілген. Сондықтан [дао] Көк Аспан аясында жоғары бағаланған.

Әрекетсіздікті іске асыру керек, сабырлық сақтау керек және дәмсіздікті сезіну керек. Ұлылық кішіліктен, ал көптік — аздықтан тұрады. Зұлымдыққа қайырымдылықпен жауап беру керек. Қиыншылықты жеңу жеңілдіктен басталады, үлкенді іске асыру аздан басталады, өйткені әлемде қиындық — жеңілдіктен, ал ұлылық — аздықтан басталады. Сондықтан кемеңгер данышпан ұлылықтан бастамайды. Сонымен қатар ол ұлылық жасайды. Кім көп уәде берсе, сол сенімге тұрмайды. Қай жерде жеңіл іс көп болса, онда қиын іс те көп. Сондықтан кемеңгер данышпан іске қиындыққа қарағандай қарайды, сондықтан ол қиындық көрмейді

Не байсалды болса, соны сақтау оңай. Не нәрсе әлі нышан білдірмесе, оны бағыттау оңай. Не нәрсе әлсіз болса, соны болу оңай. Не нәрсе ұсақ болса, соны таратып жіберу оңай. Әрекетті әлі жоқ нәрседен бастау керек. Тәртіпке келтіруді әлі толқу басталмай тұрып бастау керек. Өйткені үлкен ағаш кішкене ағаштан өсіп шығады, тоғыз қабатты мұнара бір уыс топырақтан бастап салынады, мың ли жүретін саяхат бір адымнан басталады. Әрекет жасаған — сәтсіздікке ұшырайды.

Иеленген — жоғалтады. Міне, сондықтан кемел адам әрекетсіз, сөйтіп ол сәтсіздікке ұшырамайды. Ол ешнәрсені иемденбейді, сондықтан ешнәрсе жоғалтпайды. Іс-әрекет жасай отырып, табысқа жетуге асыққан адам, сәтсіздікке ұшырайды. Кім өз ісін асықпай [байыппен] аяқтаса, оның ісі әрқашан сәтті болады. Сондықтан кемел дана құмарлықтан арылған, қиыншылықпен табылатын заттарды бағаламайды, білімі жоқтардан үйренеді, басқалар жүріп өткен жолмен жүреді. Ол заттардың табиғилығын ұстанады және [өздігінен] әрекеттенуге батылы жетпейді.

Ертеде даоны ұстанғандар халықты оқытпаған, керісінше, оларды қараңғы ғып ұстаған. Халықтың білімі коп болса, оны басқару қиын. Сондықтан халықты білімнің көмегімен басқару елге бақытсыздық әкеледі, ал оның көмегінсіз елді бақытқа кенелтеді. Бұл екі нәрсені білген адам басқаларға үлгі болады. Бұл үлгіні білген терең дәні білгендік болып есептеледі. Терең дә — ол терең де, алыс та. Ол барлық тіршілік иелеріне қарама-қарсы, бірақ олардың барлығын толық сәйкестікке [үйлесімділікке] әкеледі.

Өзендер мен теңіздер төмен қарай ағатындықтан, жазықтықтарды билей алады. Сондықтан олар жазықтықтарды билей алады. [Кемеңгер данышпан] халықтан жоғарылағысы келсе, өзін басқалардан төмен қоюы керек. Ол адамдардың алдында болғысы келсе, өзін басқалардың соңына қоюы керек. Сондықтан ол халықтан жоғары тұрса да, халыққа ауыртпалығын түсірмейді; ол алдында тұрса да, халық оған кесірін тигізбейді. Сондықтан адамдар оны қуанышпен ұсынады және одан бұрылып кетпейді. Ол күреспейді, соның нәтижесінде ол — әлемде жеңімпаз. Барлығы мендегі дао орасан зор және азаймайды дейді. Жігер ол азайса, онда көп уақыттан соң ол кішкентай болып қалар еді. Ол азаймайды, өйткені ол орасан зор.

Менің өзім бағалайтын үш қазынам бар: біріншісі — бұл адамсүйгіштік, екіншісі — құнттылық, ал үшіншісі — менің басқалардың алдына түсуге батпайтындығым. Мен адам сүйгішпін, сондықтан мен ержүреkpін. Мен құнттымын, сондықтан жомарт бола аламын. Мен басқалардың алдында болуға талпынбаймын, сондықтан ақылды көсем бола аламын. Кім адамсүйгіштіксіз ержүрек болса, құнттылықсыз жомарт, алдында бола отырып, соңындағыларды итермелесе — ол құрдымға кетеді. Кім соғысты адамсүйгіштікпен жүргізеді, сол жеңеді және оның тұрғызған қорғанысы алғысыз. Аспан оны құтқарады, адамсүйгіштік қасиеті оны қорғайды.

68

Ақылды қолбасшы жаугер болмайды. Шебер жауынгер қаһарлы болмайды. Жауды жеңе білетін шабуылдамайды. Адамдарды басқара алатын өзін төмен жағдайға қоймайды. Мен бұны күрестен қашатын дә деп атаймын. Бұл — адамдарды басқарудағы күш. Бұл табиғатқа және ежелгі [даоға] еру дегенді білдіреді.

69

Әскери өнерде былай делінген: мен бірінші болып бастауға қақым жоқ, мен күтуге тиіспін. Мен тіпті бір қадым да алдыға басуға батпаймын, бірақ бір аршин артқа шегінемін. Бұл әрекетсіздіктің көмегімен жасалатын қимыл, күшсіз соққы деп аталады. Бұл жағдайда жау болмайды және мен әскерсіз де бола аламын. Қарсыласыңды бағаламаудан өткен бақытсыздық жоқ. Қарсыласты бағаламау менің асыл қазыналы [дао] құралыма зиянын тигізеді. Соғыс нәтижесінде кім қайғырса, сол жеңіске жеткені.

70

Менің сөздерімді оңай түсініп және оңай іске асыруға болады. Бірақ адамдар түсінбейді және оны іске асыра алмайды. Сөздерде бастау бар, істе ең негізгі басты нәрсе бар. Адамдар оларды білмегендіктен, мені де білмейді. Мені аз білген кезде, мен қымбаттымын. Сондықтан кеменгер данышпан тұрпайы киім киген, бірақ қойнында яшмасы бар адамға ұқсас.

71

Кімде-кім білімді бола тұрып, білмейтін адамның кейпін танытса, сол бәрінен жоғары. Кімде-кім білімі болмаса да білетін түр танытса, сол ауру. Кімде-кім ауру бола тура, өзін аурумын деп есептесе, сол ауру емес. Кемеңгер данышпан сырқат емес. Сырқат бола тұрып, ол өзін сырқатпын деп санайды, сондықтан ол сырқат емес.

72

Халық құдіреттілерден қорықпаса, сонда құдіреттілік келеді. Оның тұратын үйін тарылтпаңдар, оның өмірін жек көрмеңдер. Кім халықты жақсы көрсе, [халық] та оны жақсы көреді. Сондықтан кемеңгер данышпан, өзін біле отырып, өзін көре түсуге итермелемейді. Ол өзін жақсы көреді және өзін жоғары көтермейді. Ол өзімшілдіктен бас тартады және өзін жоғары көтермеуді қалайды.

73

Кімде-кім ержүрек және жаугер болса, сол қаза болады, кім ержүрек, бірақ жаугер болмаса, сол өмір сүреді. Бұл екеуінің біреуі — пайданы, екіншісі — зиянды білдіреді. Аспанның [соғысқұмарларды] неліктен жек көретінін кім біледі? Бұны түсіндіру кемеңгер данышпанға да қиын. Аспан даосы күреспейді, бірақ жеңіске жете алады. Ол айтпайды, бірақ жауап бере алады. Ол өздігінен келеді. Ол байсалды және [заттарды] бағындыра біледі. Табиғаттың торы сирек, бірақ ешнәрсені өткізбейді.

74

Егер халық өлімнен қорықпаса, оны өліммен қорқытудың қажеті бар ма? Кім адамдарды өлімнен қорқуға мәжбүрлесе және бұл істі қызықты деп есептесе, оны мен ұстап аламын және құртып жіберемін. Кімнің бұлай істеуге дәті барады? Әрқашан да өлтіретін, өлім әкелуші бар. Егер оны біреу ауыстырса — ол ұлы шеберді ауыстырғаны. Кімде-кім ұлы шеберді ауыстыра отырып [балтамен] шапса, өз қолын жаралайды.

75

Билік көп салық салғандықтан халық ашығады. Міне, сондықтан [халық] ашығады. Халықты басқарудың қиыншылығы биліктің көп әрекетшілдігінен. Міне, сондықтан басқару қиын. Халықтың өмір сүруге деген құлшынысы өте күшті болғандықтан өлімге деген көзқарасы өте жаман. Міне, сондықтан өлімді жек көреді. Кім өзінің өміріне селқос қараса, онда ол сол арқылы өз өмірін бағалайды.

76

Адам өмірге келгенде нәзік және әлсіз, ал өлім келген кезде табанды және мықты. Барлық тіршілік иелері және өсімдіктер өмірге келгенде нәзік және әлсіз болады, ал қураған кезде құрғақ және шірік. Табандылық және мықтылық — бұл өлетін нәрселер, ал нәзіктік пен әлсіздік — бұлар өмір сүре бастайтын нәрселер. Сондықтан мықты әскер жеңіске жетпейді және мықты ағаш өледі. Күштілік пен мықтылық, нәзіктік пен әлсіздікке қарағанда, бар нәрсеге ие бола алмайды.

77

Аспан даосы садақ тартқанды еске түсіреді. Оның жоғарғы жағы төмендегенде, төмен жағы жоғарылайды. Ол артық жерін алып тастайды және алып тасталғанды кім қажет еткен, соған береді. Аспан даосы байлардан тартып алып, тартып алынғанды кедейлерге береді. Адам даосы — керісінше. Ол кедейлерден тартып алып, тартып алынғанды байларға береді. Кім басқаларға барлық артық қалғанды бере алады? Бұны тек даоны ұстанатындар ғана істей алады. Сондықтан кемеңгер данышпан жасайды және жасалынған нәрсені пайдаланбайды, ерлік жасайды және өзін мадақтамайды. Ол разы болады, өйткені оның құмарлықтары жоқ.

78

Су — әлемдегі ең жұмсақ және ең әлсіз нәрсе, бірақ қатты мен тығызды жеңуде оның алдына түсер ешнәрсе жоқ. Әлсіздер мықтыларды жеңеді, жұмсақ қаттыны жеңеді. Оны барлығы біледі, бірақ адамдар оны іске асыра алмайды. Сондықтан кемеңгер данышпан былай дейді: "Кім елдің намысын өзіне қабылдаса — сол ел басшысы болады, кім елдің бақытсыздығын өзіне қабылдаса — сол билеп-төстеушісі болады". Шындық сөздер өзінің қарама-қарсылығына ұқсас

Үлкен бүлікті басқаннан соң міндетті түрде оның салдары қалады. Бұны қалай жақсылық деп атауға болады? Сондықтан кемел дана ешкімнің бетіне басып ұялтпаймын деп ант береді. Қайырымдылар келісімге келуге, ал қайырымсыздар күштеп алуға тырысады. Аспан даосы барлығына бірдей қарайды, ол әрқашан қайырымдылар жақта.

Мемлекет кішкене, ал тұрғындары сирек болсын. Егер [мемлекетте] әртүрлі қарулар болса, оларды қолданбау қажет. Адамдар өмірлерінің соңына дейін [оз орындарынан] алысқа кетпесін. Егер [мемлекетте] қайықтар мен екі аяқты арбалар бар болса, оларды қолданбау керек. Тіпті әскерлер бар болса да, оларды тізіп қоюға болмайды. Халық түйіндер тоқуды және оларды жазудың орнына қолдануды бастасын. Оның тамағы тәтті, киімі әдемі, тұратын жері ыңғайлы, ал өмірі қуанышты болсын. Көрші мемлекеттер бірбіріне қарап, бір-бірінің қораздарының өні мен иттерінің үруін тыңдасын, ал адамдар әбден қартайғанға және өлімге дейін біріне-бірі кірмесін.

Дұрыс сөздер нақылсыз. Әдемі сөздер сенім тудырмайды. Қайырымды шешен емес. Шешен қайырымды бола алмайды. Білетін адам дәлелдемейді, дәлелдеуші білмейді. Кемеңгер данышпан ешнәрсе жинамайды. Ол барлығын адамдар үшін жасайды және барлығын басқаларға береді. Аспан даосы барлық тіршілік иелеріне пайда әкеледі және оларға кесірін тигізбейді. Кемеңгер данышпанның даосы — бұл күрессіз әрекет.

Қорытынды

Азамат! Қорытындыны өз сөзіңмен күшті қылып жаз, шын жүректен түсіндіңба? Мен бұл сабақта түсінгенім Даоға жету мақсаты т.б анау мынау деп жаз әйтеуір осы бетке ияма?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дао дэ цзин //Дао: гармония мира.М.,-Харьков, 2000 - 864 с. С. 9-34.
2. www.Wikipedia.kz



Назарларыңызға рахмет!!!